АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫНЫҢ ӘКІМДІГІ «АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫНЫҢ ЦИФРЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР БАСҚАРМАСЫ» МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

АКИМАТ АКТЮБИНСКОЙ ОБЛАСТИ ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ «УПРАВЛЕНИЕ ЦИФРОВЫХ ТЕХНОЛОГИЙ АКТЮБИНСКОЙ ОБЛАСТИ»

БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

_____№_____
Ақтөбе қаласы

город Актобе

2025 жылғы «24» желтоқсан **№ 271-нқ**

Мемлекеттік сатып алуды (тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) бір көзден алу тәсілімен жүзеге асыру туралы

Қазақстан Республикасының 2024 жылғы 1 шілдедегі «Мемлекеттік сатып алу туралы» № 106-VIII ҚРЗ Заңының *(бұдан әрі – Заң)* және Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2024 жылғы 9 қазандағы № 687 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларына сәйкес,

БҰЙЫРАМЫН:

1. **«Ақтөбе облысының жергілікті атқарушы органдарында және ведомстволық бағынысты ұйымдарда web-интерфейсі (БҚА) бар электрондық құжат айналымының бірыңғай жүйесін сүйемелдеу жөніндегі қызметтер»** қызметін сатып алу бойынша Заңның 16-бабы 3-тармағының 25) тармақшасына сәйкес *(Шартты тікелей жасасу арқылы бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алу мынадай жағдайларда жүзеге асырылады: ... Қазақстан Республикасының заңдарында айқындалған тұлғадан тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алу)* тікелей шарт жасасу арқылы бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алу жүргізілсін.

2. Мемлекеттік сатып алуды ұйымдастыруға және өткізуге жауапты деректерді басқару бөлімінің бас маманы Жансая Нұрлыбайқызы Сенгирбаевамен:

1) Заңның 5-бабына сәйкес, көзделген мемлекеттік сатып алу процестерінің қағидаларын сақтай отырып, Өнім беруші айқындалсын;

2) Өнім берушіге веб-портал арқылы электрондық цифрлық қолтаңбамен куәландырылған шарттың жобасы жолдансын.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

4. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Басқарма басшысы **Ә. Отарбаев**

000978